

# СТУДЕНТТІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫ

**Мамандығы:** *Жалпы медицина*

**Дисциплина:** *Қазіргі Қазақстан тарихы және  
қоғамдық пәндер*

**Курс:** I

**Тақырып:** *Қазақстандық көп партиялық жүйенің  
қалыптасуы және ҚР саяси партиялары*

**Құрастырған:** Каспи А.Р.

**Тексерген:** Айтжанова Ж.Е.

**Ақтөбе – 2017 ж.**

# ЖОСПАР:



## I Кіріспе

## II Негізгі бөлім

*А) Қазақстан Республикадағы көппартиялық жүйе бастауы*

*Б) Қазақстандағы саяси партиялар*

*В) «НҰР ОТАН» Халықтық-Демократиялық партиясы және «Ақжол» партиясы*

## III Қорытынды

## IV Пайдаланылған әдебиеттер

# КІРІСПЕ

Көппартиялық жүйе ХХ ғасырда қалыптаса бастады. Ол әсіресе демократиялық мәдениет деңгейі жоғары қоғамдардың саяси өмірінде кеңінен орын алады. Көппартиялық жүйенің қалыптасуына әртүрлі демократиялық саяси процестер ықпал етеді. Оның негізгілері: жалпыға бірдей сайлау құқығының қалыптасуы, сайлауға қатысу жасының, мүлік шартының төмендеуі, либерализм идеологиясының орын алуы, яғни, мемлекет пен азаматтар арасындағы қарым-қатынастарының өзгеруі, мемлекеттің қоғам мен жеке адамдардың өміріне араласуының шектелуі, яғни антиэтатизм принципіннің орнығуы.



Қазір бүкіл адамзат өркениетке жаппай ұмтылыс жасап отырған кезде көппартиялықтың артықшылығына әлем халықтары толық көз жеткізіп отыр. Бұның өзі партиялардың саясаттары халық мүддесіне қаншалықты сай келетінін жеке азаматтардың бағалауына жол ашады.

Көппартиялық жүйе билікке ие болып отырған саяси топтарды, басқарушы партияларды алмастыруға жағдай жасайды. Ал мұның өзі қоғамда саяси қызметтерді тиімді жүргізудің алғышарты. Сондықтан да демократиялық қоғамда көппартиялыққа айрықша мән беріліп, бірнеше саяси партиялардың қатар өмір сүруіне мемлекеттік, қоғамдық тұрғыдан қолдау көрсетуге жағдай туады.



*Саяси партия- пікірлестердің ұйымдасқан тобы, ол халықтың белгілі бір тобының мүддесін білдіріп, оған мемлекеттік билікке келуге немесе оны жүзеге асыруға қатысуға мүмкіндік жасайды, соған жетуді мақсат етіп құрылатындағы әлемдік тәжірибеде әлдеқашан дәлелдеген.*

*Алғашқы саяси партиялар Ежелгі Грекияда пайда болған. Ал қазіргі біздің түсінігіміздегі саяси партиялар Еуропада ХІХ ғ. ІІ жартысында пайда бола бастаған. Бірақ саяси партиялар бірден көпшілік, бұқаралық партия бола қалған жоқ.*



# САЯСИ ПАРТИЯНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

- 1) өзінің қызметі туралы ақпарат таратуға және өз мақсаттары мен міндеттерін насихаттауға;
- 2) ерікті негізде қауымдастықтарға (одақтарға), сайлау блоктарына бірігуге;
- 3) Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің және мәслихаттарының депутаттығына кандидаттар ұсынуға; мәслихаттардағы өз өкілдері арқылы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидатуралар жөнінде ұсыныс жасауға;
- 4) өздерінің бұқаралық ақпарат құралдарын құруға;
- 5) жиналыстар, митингілер мен демонстрациялар, шерулер мен пикеттер өткізуге;
- 6) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заң актерлерінде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.



# САЯСИ ПАРТИЯСЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ


- 1) Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарының талаптарын сақтауға;
- 2) әрбір азаматтың өз құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжаттармен, шешімдермен және ақпарат көздерімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге;
- 3) заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік тіркеліміне енгізілетін мәліметтер көлемінде тұрақты жұмыс істейтін органы орналасқан жердің өзгергені туралы және өз басшылары туралы деректерді тіркеуші органға хабарлауға;
- 4) салық органдарына Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мерзімдер мен көлемде өзінің қаржылық қызметі туралы есеп табыс етуге міндетті. табылады. 4,54% дауыс жинады.



# ҚР-ДАҒЫ САЯСИ ПАРТИЯЛАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Қазақстанның партиялық жүйесі қазіргі кезде өтпелі кезенді бастан кешіріп отыр және бұл жаңа әлеуметтік топтардың, ең бастысы, бизнес-элитаның белсенділігінің нәтижесі екендігін білеміз. Басқаша айтқанда, кейбір «қысым көрсетуші» топтардың, мысалы «Ақ жол» ҚДП-ның жартылай өзгеруі айдан анық көрініп тұр. Саяси сала сапалылығы жағынан өзгеріп келеді деуге болады, және оған себеп тек жаңа ойыншылардың пайда болуы ғана емес, сонымен қатар ескі қатысушылардың да өзгеруі.





Тәуелсіз Қазақстанның партиялық жүйесі ондаған жылдар бойы қалыптасып келеді. Өткен ғасырдың 90-жылдарында көппартиялы саяси жүйе тәжірибе жүзінде қолданымда болған жоқ, өйткені кеңес дәуірінің саясатының дамымағандығы әсер етті.

Партиялық құрылыстың алғашқы қадамдары 90-жылдардың екінші жартысында дәл Алматы қаласында жүзеге асырылды, саяси өмірдің орталығы да дәл осында. Тіпті, Елорданы ауыстырғаннан соң да партиялық қызметтің белсенді орталығы мен саяси белсенді тұрғындардың басым бөлігі осы қалада қалды.

# "НҰР ОТАН" ХАЛЫҚТЫҚ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ПАРТИЯСЫ

**Басшысы:** Н.Ә.Назарбаев

**Құрылған жылы:** 1999 жылдың 1 наурызы

**Штаб-пәтері:** Астана қаласы, Д.Қонаев  
көшесі, 12/1

**Идеологиясы:** Халықтық Демократиялық

**Партия мүшелерінің саны:** 607 557

**Логотипі:**



«Отан» республикалық саяси партиясы 1999 жылдың қаңтарында құрылып, сол жылғы 12 ақпанда Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеуден өтті.

### **Мақсаты:**

- Қоғамды одан әрі демократияландыруға бағытталған экономикалық және саяси реформаларды жүзеге асыру
- Азаматтардың өмір сүру деңгейін көтеру
- Әлеуметтік әділеттік орнату және елімізде тұрақтылықты сақтау
- Ұлтаралық және конфессияаралық келісімді нығайту
- Қазақстан Республикасының жан-жақты және үйлесімді дамуы үшін азаматтардың отансүйгіштігі мен жауапкершілігін тәрбиелеуге белсенді ықпал ету



Мәжілісте «Нұр Отан» парламенттік көпшілікке ие. 2007 жылы өткен Мәжіліс сайлауының қорытындылары бойынша «Нұр Отан» **88,41%** дауыс иеленіп, Парламенттің төменгі палатасына партиядан 98 депутат сайланды.

Партияның басты мақсаты Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қайта өңдеу өнеркәсібін, жоғары технологиялық ғылыми өндірістерді дамыған деңгейге жеткізуге, әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған реформалық саясатын ресми түрде қолдау болып табылады




82,15%



7,18%



7,14%



2%



1,18%



0,29%



"Нур Отан"



ДПК "Ақ жол"



КНПК



НДПП "Ауыл"



ОСДП



"Бірлік"

"Нур Отан"

ДПК "Ақ жол"

КНПК

НДПП "Ауыл"

ОСДП

"Бірлік"





# XXI ҒАСЫРДАҒЫ САЯСИ ПАРТИЯЛАР

2002 жылғы шілденің 15-інде **«Саяси партиялар туралы»** жаңа Заң қабылданды. Оған дейін елімізде 19 партия болған. Соңғы Заң бойынша партия болу үшін оның 50 мың мүшесі болуы керек.

Соған орай қазір 12 партия тіркеуден өтті. Оларға Қазақстанның социал-демократиялық “Ауыл” партиясы, “Отан” партиясы, «Қазақстанның Коммунистік партиясы», Қазақстанның демократиялық **“Ақжол”** партиясы, “Асар” республикалық партиясы, Қазақстанның Аграрлық партиясы, Қазақстанның Азаматтық партиясы, Қазақстанның Демократиялық партиясы, “Руханият” партиясы және т.б. жатады.



Мемлекеттік тіркеуден бірінші болып өткен «АКЖОЛ» партиясы. Оның басшылары — кезінде билік басында қызмет істеген, саяси тәжірибелері бар, қырықтың қыркасына шыққан белгілі азаматтар. Олардың әр салада, әсіресе саяси-экономикалық реформаларға байланысты өздерінің көзқарастары, тұжырымдамалары бар. Үкіметтің басқан ізін бағып, көбіне сыни пікір айтып отырады. “Акжол Қазақстан”, “Эпоха” сияқты басылымдары бар.

# «АҚ ЖОЛ» ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ПАРТИЯСЫ

- ◎ *Партия төрағасы – Азат Перуашев*
- ◎ *Партия 2002 жылғы 3 сәуірде тіркелген.*
- ◎ *Партия мүшелерінің саны 175 862 адамды құрайды.*
- ◎ *Партияның мақсаттары: тәуелсіз, гүлденуші, демократиялық және еркін Қазақстан*
- ◎ *Негізгі құндылықтары: демократия, тәуелсіздік, еркіндік, әділеттілік*

# ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі қоғамның өмірінде саяси партиялар алдыңғы қатардағы орынның бірін алады. Олар осы мемлекеттік билікті қорғап, нығайту немесе оны өзгерту үшін құрылады. Партиялар бұқара халықтың мүддесін топтап, жинақтай білгенде күшейе түседі. Олар қоғамның саяси дамуының маңызды көрсеткіші болып саналады.

Қорытындылай келе, елімізде қалыптасқан көппартиялық жүйе Қазақстан Республикасын әлемге зайырлы және демократиялық мемлекет ретінде танытуда. Бұл біздің тарихи жетістіктеріміздің бірі.

# ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1) ҚР Саяси партия туралы Заңы. [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)
- 2) Уикипедия — ашық энциклопедиясы
- 3) 2. ҚР «саяси партиялар туралы» заң 2002.15.07 1-бап 1-тармақшасы
- 4) <http://referat.resurs.kz/ref/sayasi-partiyalar/2/>



# БАҒАЛАУ КРИТЕРИИ

№	Орындау критеріі	0-0,1	0,2-0,3	0,4-0,5
1	Презентацияны рәсімдеу			
2	Презентацияның 4 компоненті			
3	СӨЖ тақырыбына мақсаттың адекваттылығы			
4	Мазмұны			
5	Қорытынды/ұсыныстар			
6	Әдебиеттер			
7	Материалды игеруі және регламентті сақтауы			
8	СӨЖ кестесіне сай тапсырылуы дер кезінде орындалуы			
	ҚОРЫТЫНДЫ			

0-0,1 критерий орындалмаған

0,2-0,3 критерий ескертулермен орындалған

0,4-0,5 критерий орындалған